

*А.С. САБЫРОВА*

## **МАЙДАНГЕР АҚЫНДАР ЖЫРЛАРЫ**

Кешегі ортақ Отан болған Кеңес Одағының 1941–45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ әдебиетінде ерекше белсенділік танытып, алғы шептен көрінген жауынгер жанр – поэзия болатын. Қаламын қаруға айырбастаған ақындар майдан даласында да жауға қарсы оқ атумен бірге айбынды поэзия туындыларын өмірге әкелді.

Сол кездегі көп ұлтты кеңес әдебиетімен бірге қазақ поэзиясы да дамудың жаңа сатысына аяқ ба-

сты. Ел басына күн туған заман ағысы оқиғалардың бейнелеу жүйесінің көркемдік ой-дүниесінің өзгеруін батыл талап етті. Әрине, соғыс жағдайы жүктеген үлкен міндеттердің биігінен табылу кімге де болса оңайға соқпайды. Соған қарамастан әр қаламгер өзінің қабілет қадірінше қызмет етіп, дарыны мен шеберлігін жеңіс мүддесіне жұмсайды. С.Мұқанов, Т.Жароков, Ғ.Орманов, С.Сейітов, Ә.Тәжібаев, Ж.Сыздықов, Қ.Жұмалиев,

М.Хакімжанова сынды сөз зергерлерінің шығармашылық тәжірибесі осыны сипаттайды.

Ал Ұлы Отан соғысы кезінде әскер қатарында майданға тікелей қатысқан Ә.Сәрсенбаевтың, Ж.Саинның, Д.Әбіловтің, Ж.Ерғалиевтің, С.Мәуленовтің шығармашылық тағдыры әрқилы қалыптасты. Бірақ бәріне ортақ бір қасиет бар. Ол – бұл соғыстың әділдігіне, жауды жеңетініне кәміл сену. Осы сенім өлең атаулының бәрінен бастау алған құдіретті күш.

Майдангер ақынға негіз іздеп, шығармашылық сапарға шығудың да, шығарманың шарықтауын ойлап, табандап жатып күтудің қажеті болмады. Ол әрі оқырманы, әрі қаһарманы – жауынгерлермен әрдайым бір сапта жүрді. Қанды шайқастарда мұз жастанып, от кешкен олар қуанса бірге қуанып, қайғырса бірге қайғырды. Қаһарман, оқырман, жазушы үшеуінің бірлігі осылай туды.

Есімі мен шығармалары жұртшылыққа бұрыннан мәлім болған Ә.Сәрсенбаев, Ж.Саин, Қ.Бекхожин, Т.Жароков, Д.Әбілев сынды ақындардың шығармашылығында жаңашылдық бағытында өрістеген соны сипаттар бой көрсетті.

Әр ақынның ізденісі, өзіндік жанры, өзіне ғана тән стиль ерекшеліктері айқындала түсті. Біз қай ақынның қандай оқиғалар мен тақырыптың төңірегінде қалам тартқанын қиналмай-ақ бағдарлай аламыз. Мәселен, Әбу Сәрсенбаевта Украина, Молдавия әуендері басым, ал оның Болгария, Венгрия жайындағы жорық өлеңдері қазақ әдебиеті үшін мүлде тың жаңалық болды.

Украина жері, украин халқы Әбу ақын үшін қашан да ыстық. Кешегі қанды қырғын соғыста келер ұрпақ болашағы үшін елін, жерін, Отанын көздің қарасындай сақтап қалды. Ел мұңын, халық қасіретін өлеңмен өрнектеп, сол уақыттан өзіндік ой, өзіндік сурет жасады.

Әбу ақынның Украина жайлы қай өлеңін алсаңыз да сол кездегі ел-жұрттың бір-бірімен қарым-қатынасы, ішкі береке-бірлігі, халқының мызғымас берік достығы, қимас туыстығы үлкен тебіреніспен жырланады.

Болсадағы ұлтым қазақ,  
Өлсем де қазақ қырында.  
Жүрегіміз жалғасатын,  
Тарас пен Абай жырында [1,258], –

деген шырайлы шумақтың өзінен-ақ украин мен қазақ халықтарының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достығы әсем жарасым тапқан.

«Балқан шежіресі» өлең топтамалары ақынның соғыс кезінде неміс-фашист басқыншыларынан өзі азат етуге қатысқан Балқан түбегіндегі Болгария, Югославия, Румыния елдері тарихынан терең сыр шертеді. Әсіресе, бостандық сүйгіш, қайсар бол-

гар халқының ерлік шежіресін, тарихын баяндай отырып, бүгінгі болгар жастарының бақытты қуанышын жыр етеді. «Сәлем саған, Балқан тау» атты арнау өлеңінде:

Балқандықтар жүрсе-дағы мезгіл-мезгіл сүрініп,  
Көрген емес, жүрген емес жау алдында жүгініп.  
Кәрі Балқан, атқан шақта аңсап күткен ақ таңын,  
Шертті маған күрестердің шежіре, аңыз дастанын, –

деп ендігі жерде болгар халқының ел ішіндегі аңыз, әңгімелеріне қанығады. Ақын «Шипка» асуындағы ескерткіш», «Янтра өзені», «Бәйтерек туралы баллада», «Ұлы Тарнаго», «Белгісіз солдат» секілді өлеңдерінде тарих тұғырында мәңгі сақталған күрес оқиғаларына байланысты аңыз-дастандарды өзінше қайта жырлайды. «Мадьяр қызы», «Рожика» өлеңдерінде де жеңіс әні, жарқылдаған халық қуанышы мол, сонымен бірге бұл өлеңдерде соғыс салған қасірет азабы мен азат етуші жауынгерлердің еліне деген сағыныш сезімі әсерлі беріледі. Ол сезім Мадьярдың халық әні «Рожика» арқылы айтылады. «Рожика» – қызыл гүл деген мағынаны білдіреді екен. Нәзік сезімді бірден баурап алар осы ән кеудесін сағынышпен кернеген жауынгер жанына жақын келеді:

Сүйіктің, мүмкін қатесін,  
Жуған да шығар қанымен.  
Оралар аман, құшақтар,  
Мадьярлық таза жанымен [1,86], –

деген өлең жолдарында үлкен мән бар. Бұл өлеңде жарын майданға аттандырған талай арулардың сыры мен мұңы сарғая күткен сағыныш сезімі айқын сезіледі.

Жұмағали ақын шығармаларында партизандар ерлігін мадақтау негізгі сарынға айналған. Соғыс жылдары Украинадағы партизан қозғалысына белсене қатысқан Ж.Саинның «Партизандар» (1943) және «Жаралы партизан жырлары» (1942) атты цикл өлеңдері кеңес партизандарының жауға қарсы ерлік күресін суреттейді. Бұл өлеңдерде партизандардың қасиетті Отанға деген сүйіспеншілігі, олардың өзара айнымас достығы да әсерлі бейнеленген.

Ақын осы өлеңдерімен қазақ поэзиясына елеулі көркемдік үлес қосты. Партизандар өмірін ақынның шынайы суреттеуіне ең алдымен оның олардың өмірін жақсы білуі себеп болды, ол жау тылында партизан өмірінің ащы-тұщысын өз басынан кешірген, олардың күйініші мен қайғысын көзімен көрді, талай сын сағатта бір болып, жауға қарсы шайқасты.

Ж.Саиннің «Партизандар», «Айтылмай кеткен аманат», «Жаралы партизан жырлары» сияқты өлең жырлары жаумен аямай шайқасқан кеңес партизан-

дарының қатал да сұсты өмірінің шынайы шындығын танытады:

Абыржымай ақырын,  
Теңселеді кара орман.  
Мұздай темір құрсанған,  
Түн қатады партизан.  
Қар құшады, мұз жайлап,  
Қалтырамас біреуі.  
Кәр қылсаң да ойбайлап,  
Катал, қайсар жүрегі,  
Қайтпас боран кәрінен.  
Қымбат елдің намысы,  
Партизанға бәрінен [2, 4].

Автор партизан өмірін әр қырынан суреттейді: бірде олардың жаумен айқасуын баяндаса, енді бірде шайқаста ерлікпен қаза тапқан партизандардың елмен, туған-туыстарымен қоштасуын тебірене жырлайды. Ал, «Жаралы партизан жырларында» ол өзінің партизан достарымен бірге өткізген сағаттарын еске түсіреді, жалынды жыр жолдарында оларға деген сағыныш, достық сезімдермен эпикалық баяндаулар кейде қатар жарыса түссе, кейде бір-бірімен біте қайнаса араласып кеткенін де аңғарамыз. Ақынның партизан жырлары оқушының сезіміне, ой-киіп дүниесіне үлкен әсер етеді. Отанның сүйікті ұлдарының патриоттық жарқын істеріне деген жұртшылықтың сүйіспеншілігін арттырып, кейінгі жас ұрпақтарды ерлікке жігерлендіріп, отаншылдыққа баулиды.

Жас Жұбанды Белоруссия, Польша тақырыптары қозғаса, жас Сырбайды Волхов майданындағы қарулас достарының ой-сезімдері тебіренеді. Басқа ақындар тәрізді Ж.Молдағалиев тақан майдан соғысы кезінде де, Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң да соғыс тақырыбын өзі тұрғылас ақындар секілді жырлаған ақын. Ақын өзінің «Латыш қызына» деген өлеңінде:

Жолыңа жыл құсындай қонсын бұ да,  
Жарты ырыс деген сөз бар жоралғы да.  
Кім білсін, тағы біз кездесерміз,  
Қазақ пен латыш мүмкін болар құда.

Өлеңде ақынның ішкі сезімі, латыш қызына деген сенімі, халықтар бірлігі, Отанға, туған жерге, бауырлас ұлттар мекеніне, қаһарман қалаға деген перзенттік, туыстық махаббат жырланады.

– «Жылама, құрбым, – дедім, – жасыңды сұрт,  
Келеміз, құтқарамыз, үзбеші үміт.  
Шығарсың алдымыздан гүл көтеріп,  
Қайда деп сондағы бір таныс жігіт», –  
деп туған елі, жері үшін уайым шегіп, қайғы жапқан қыз көңіліне үлкен сенім ұялатып, әлі-ақ жеңіс күніне гүл көтеріп іздерсің деп жұбатады.

Мінеки сол айтқаным болды бүгін,  
Қойының қуанышқа толды бүгін.  
Ал қызыл туын тіккен азаттықтың,  
Жеріңнен көрдің қалың қолды бүгін, –

деп батыл іс-қимылдың біріккен кезені келгенін паш етіп, ерлік пен қайсарлықтың нәтижесінде туған жерге азаттық туының тігілгені қуанышты хабарды айту арқылы латыш қызын қуантып, жігерлендіреді.

Соғыс ақын жүрегіне көп уақиғаның ізін қалдырды. Көп ойлардың теңізіне жүзгізді. Енді сол ойлардың толқынымен ағып, өткен күндерді өлең тілімен сөйлетті. Солардың ішінде ерекше бірі – жоғарыдағы «Латыш қызына» арнаған жұбату, қуанышқа бөлеу өлені болатын.

Қазақ поэзиясының тағы бір белді өкілі Сырбай Мәуленов те соғыс тақырыбын жырлауда үлкен із қалдырғаны мәлім.

Бұл ретте ақынның замандас інісі Ғ.Қайырбеков: «Соғыс алдындағы қазақ поэзиясының жаңа туып келе жатқан жас тынысы, өзгеше мәдениеті, дүние поэзиясының озық үлгілерінен үйрене бастаған өрнегі, Қасым, Қалижан, Абдолла, Әли секілді стильдік қалыптасуына себеп болды. Оның салған беттен Байрон, Пушкин, Гете өлеңдерін оқып, үйренуден тапқан үлгісі... Сырбай орыс совет поэзиясының да озық үлгілерін, әсіресе өз жанына жақын – Михаил Светлов, Михаил Голодный, Виктор Гусев, Николай Тихонов өлеңдерін жатқа айтып, ылғи да аузынан тастамай жүретін болған» [2, 722] деген Сырбайдың ақындық талантынан сыр шертеді.

«Соғыс тақырыбы маған әр кезде, әртүрлі жағдайда оралып отырады», – деп еске алады Сырбай ақын. – Волхов майданында қалың орманның ішінде бір буаз бие толғатып жатқанда, жанына фугас бомбасы түсіп, жарылды. Айнала қып-қызыл өрт... Құлақ тұндырған бомба даусынан бәріміз де есенгіреп қалғандаймыз. Шартылдап жанған орман үстінде көк ала түтін көлбейді. Сол бір сұрапылдың ішінен кісінеген кішкене құлынның даусы естіледі. Сол бір дауыс өлімнің арасынан арпалыса айқайлаған өмір дауысындай естілді маған» [3, 75]. Осы сәт көп жылдардан кейін өлең өзегіне айналды:

Шаршаған жол батып,  
Волховтың батпағында.  
Жатыр бие толғатып,  
Зеңбіректің арт жағында.  
Фугас бомбасы

Жерді өртеген қиын күнде.  
Тіршілік жолдасы  
Бүлкілдейді биенің бүйірінде.  
Адамдай жапа шегіп қуса мұңнан,  
Сәби бір үн сағынған.  
Жалын тарап, көзіне үнсіз қарап,  
Солдат оның сипайды құрсағынан [3, 75].

Өлеңде алдымен жалпы жағдай: қолайсыз, қолапайсыз орта Волхов батпағы, фугас бомбасы жерді өртеген қиын күн, сол заман әкелген зауалды шак көрініс береді. Соғыс жағдайы қаншалықты қатерлі де ауыр болғанмен өзіне жүктелген міндеттің жауаптылығы және қажеттілігі жауынгердің жігерін ширата түседі. Оның жаны жасымайды, әрқашан рухы көтеріңкі болады. Сезім серпіні қанат қаққан бұл шақта жан толқынын жеткізетін жалынды сөздің зәрулігінен өлең ұйқастырады.

Майдандық поэмалардың шоқтығын көтеріп, жаңа биікке шығарған дүние – Қ. Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» балладасы (1943). Әдебиетімізде романтикалық, лирикалық сарындағы ойнақы да отты, кейде сәл мұңды, көбінесе назды, сазды жырларымен көзге түскен талантты ақын Абдолла Жұмағалиевтің соғыстағы ерлігін суреттеуге арналған бұл туынды нағыз көркемдік жинақтау дәрежесіне көтерілген соны бітімді шығарма. Өзінің жақын досы хақындағы поэмаға Қасым барлық ақындық қуатын жұмсаған. Сөйтіп, ол туған елінің бақыты, бостандығы мен тәуелсіздігі жолында аянбай алысқан өр тұлға, ер жүрек жауынгердің образын жасаған. Ол – сөз өрнегі, тіл кестесі, ырғақ жүйесі жағынан соны сипат-сапа танытқан шырайлы шығарма.

Абдолла – бір сәттің ғана оқиғасы. Қапылыста жау қамауында қалған Абдолланың алдында екі-ақ шешім бар. Бірі – жауға берілу, екіншісі – соңғы демі біткенше соғысу. Кейіпкер екінші шешімді қабылдайды. Жаумен өзі жанып біткенше соғысады. Қасым осындай сағатқа жетпес мерзімнің ішіндегі қайғылы оқиғаны алады да, соны жырлауға ақындық күшін салады. Батырдың басынан кешкен ғаламат оқиғаны ақын шап-шағын эпизодқа сыйғызып айта білген.

Неміс басқыншыларымен шайқасып жүрген жауынгер – халық өкілі. Жауынгер ерлігі – халық ерлігі, жауынгер жеңісі – халық жеңісі. Ақын шығармасының жинақтаушылық күші, терең мазмұны, биік идеясы осы жайды аңғартады. Поэмадағы батыр жауынгердің алысатын жауы осал жау емес. Автор дұшпанның азулы да зұлым, мейірімсіз де каталдығын дәл бейнелейді:

Өмір гүлін жаншып, таптап,  
Шаштан сүйреп махаббатты.  
Жерімізде жындай қаптап,  
Найзаға іліп ар-ұятты,  
Келе жатты сұм жендеттер!  
Жиіркеніп жиырылды жер,  
Жауға тамшы татырмастай.  
Суын алып қашты өзендер,

Қанатын жел жайып қарсы.  
Сабалады жауды бетке  
Сол аймақтың әрбір тасы  
Үшқандай ед күс боп көкке [4,28-29], –

деген әйгілі монологы оның батырлық, қайсарлық мінезін аша түседі. Абдолланың ерлігі Кеңес халықтарының ерлігі мен өрлігінің символы. Абдолланың қаптаған қалың жаумен жалғыз алысқан ноян қимылын шебер де айқын суреттеп көрсете алған. Оның ерлік өлімін ақын романтикалық биікке көтере, оптимистік рухта жырлайды. Бізәлі да ашынған жау жіберген өрт ішіндегі жауынгерді автордың от ұстаған Прометейге балауы да орынды. Ақтық демі біткенше халқына адал еңбек сіңірген патриоттың елін, жерін кимай, өмірмен қоштасуын да автор тебірене жырлайды.

Автор поэмада табиғат суреттерін негізгі оқиғаға шебер байланыстыра отырып, шығарманың идеялық мазмұнын терең ашуға пайдаланған. Абдолла адам боп туыпты, адам боп өсіпті, адам боп өлуге тиісті екен. Біз соған сенеміз. Осы сенім поэманың ұлы оқиғаларды жырлағандығына бірінші дәлел. Жау кимаған жауынгер ақынның барлық сезімі төңіректі тұтас жарқыратады.

Қара толқын орман шашын  
Жұлды талдап снарядтар.  
Мәңгі мекен көл жағасын,  
Таптап, суға сүңгіді жар.

Ақын өзін сол орманның бір ағашындай, сол құлаған жардың бір кесегіндей сезінеді. Ол сол табиғаттың туысы, бірақ саналы туыс – кеңес адамы. Сондықтан ол шегінбеске, берілмеске тиісті. Алда қанша тірлігі бар, соның бәрін түгел Отан үшін жұмсауға тиісті. Оның махаббаты мен намысы бірге қайнаған да, одан сынбай, майыспас болат тұлға қорытылған. Енді оған қорқыныш, өлім дегеннің өзі де түкке татымайтын ұсақтық. Ол дәл осы минутта Отанның бірінші адамы, ұлы. Ондай адам бойына, құдіретіне лайық қана әрекет жасауға міндетті, ол отқа жанып тұрғанда да салтанатты, көрікті көрінуге міндетті:

Қайсар батыр от киінген,  
Күш қайратын тіске жиып.  
Жаңағы ақшыл ер жүзінен  
Жалын тілі тұрды сүйіп.  
Шұғыла шалған кешкі бұлттай,  
Толқын шаштар, оттар ойнар.  
Өрт топанын кешіп таптай,  
Жалғыз өзі тұрды бойлап.  
Тұрды ұқсап, тұрды кейде,  
От ұстаған Прометейге.

Өртенген жалынға айналған жауынгер ту құлағандай құлайды. Оқырман еріксіз күрсінеді.

Көзден аққан жасы омырауын жуады. Өйткені ең кимасы, ең аяулысынан айрылды, ең жақсы адамын жоғалтты. Бірақ ол артынша есін қайта жияды да, жанағы ерлік өлімге көз тастайды. Енді оқырман кеудесіне жарқыраған жалын адамнан нұр құйылады. Кеудеге сарқылмас күш толады.

Классик жазушы, академик Ғабит Мүсірепов осы поэмаға былай деп жоғары баға берді: “Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп секілді. Елдегі ақын-жазушыларға түгел ой салады. Көп нәрсені аңғартады. Поэма майданда ерлік көр-сетіп, ел үшін қаза тапқан ақын жайында. Ақын Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күші, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербей шыққан” [5]. Оған орыстың үлкен жазушысы, қазақ әдебиетінің досы Леонид Соболев өз үнін қосты: «Бұл шынында терең сезімге және жарқын образдарға лық толы салтанатты, ұлы бейнелі аңыз» [6,5], – деді. Қазақстанның Мәскеуде өткен қазақ әдебиетінің жайы сөз болғанда, атакты ақын Ни-колай Тихонов сынды орыс достары «Абдолланы» ерекше атады. Т.Жароков, Қ.Бекхожин т.б. жылы лебіздерін білдірді. Сөйтіп поэманың өзі аңыз бола бастады.

Ақындар қаһарлы да сұсты жылдардың сипатын бейнелеуге лайықты суреттеу құралдарын осылайша әр түрлі жолдармен тауып отырды. Көпшілік жағдайда олардың ақындық жалынды сөздері майдан мен тылдағы әрбір адамның санасына әсер етіп, жүрегіне жетіп жатты.

Поэзия соғыс кезіндегі қазақ әдебиетінен басты орын алды. Ақындық және публицистикалық

қасиеттерінің, жауынгерлік, патриоттық рухының күшейе, зорая түсуі осы кездегі қазақ поэзиясының басты ерекшелігі болып табылады. Отанға берілгендік, жауға деген өшпенділік сияқты басты-басты тақырыптар лирикалық өлеңдер мен поэмаларда терең жырланды. Бұл жылдары поэзия бір жағынан халықтың жауға қарсы ұлы күресінің көркем шежіресіне айналды. Екінші жағынан, қазақ ақындарының дабылды өлеңжырлары сол даңқты күрестегі халқымыздың құдіретті рухани күшқуатын байқатты.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Сәрсенбаев Ә.* Шығармалар жинағы: 5-томдық. Алматы: Жазушы; 1981. 1-т.
2. *Саин Ж.* Жорық жырлары. Алматы, 1944. 4-б.
3. *Қайырбеков Ф.* Жыр тұлпары, сыр сұңқары – сырғалаң. Алматы, 1996.
4. *Мәуленов С.* үш томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982. 1-т.
5. *Аманжолов Қ.* Дауыл (Өлеңдер жинағы. Алматы, 1948.
6. *Мүсірепов Ф.* Социалистік Қазақстан. 1944. 5 маусым.
7. *Соболев Л.* Солнечный день. 1944.
8. *Әбдрахманова Т.* Қасым Аманжоловтың поэтикасы. Алматы: Ғылым. 1976. 298-б.